


Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы

Дайындаған: Сагинтаева А. Сұлтангали Н.
Раисова Г. Сағындық Н. Омирбай Ж. ҚФ - 202

Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы (1816 - 1888)

- * Мәделіқожа әрі батыр, әрі ақын атанған азаматтың бірі.Туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданының Қожаторғай совхозы.Негізгі мекені – Қосжарсуат, Қосқұдық деген жерлер. Арғы атасы Жиенқожа.



dreamstime.com

- * Қолына түскен кітаптарды көп оқып, Құранды тез жаттап алып, өзінің қабілетін жас кезінде – ақ танытады.

Мәделіқожаның Айым қызбен жұмбақ айтысы.

**Бауырым деп күймеген,
Бауыры бүтін бар ма екен?
Алыспенен жақынды
Жортпай білген бар ма екен?
Ащы менен тұщыны
Татпай білген бар ма екен?
Жақсы менен жаман сөз
Айтыспай білген бар ма екен?
Табанына тас қойып,
Дәрет алған бар ма екен?**

Мәделіқожаның толғаулары.

«Батырбек пен Байзаққа»

«Ахмет төреге»

«Төре түйесінің сөзі»

«Әбділда қожаға»

«Майлыны мұқату»

«Батыр бір оқ»

«Қосжарсуат аман бол туған жерім»

«Көпестер жорға жегер арбасына»


«Айналайын әзірет»

«Шәріпке»

«Ас құяды кең адам» т.б толғаулары маңызды шығармалар.

Ақын 1878жылы «Түркістан уәлаяты» газетінің үшінші санында басылған «Бір жан жоқ болыстыққа талас емес» деген көлемі 96 жолдық өлеңінде болыстыққа таласқан қулар мен баққұмарлардың ақылсыздығын, олардың ел қамын ойламай, дауды қоздырып, оңай олжа тауып, пара алып жатқанын көрсетеді. Ел ынтымағын жойып жатқан заманның билеріне мін тағады.

**Есті кісі есермен ойнамайды,
Бойы қысқа терекке бойламайды.
Ақша берген кісіні болыс сайлап,
Елу басы ел қамын ойламайды.
Бар болыстар қарызға батып жүрген.
Бал деп ұрттап заһарды татып жүрсің,
Хакімдер ықтиярды берді өзіңе.
Бұқара бір – бірінді сатып жүрсің.
Сөзі үлгі болады нақылдының.
Он басы сый көп шығар жақындының,
Ақша шашқан адамдар болыс болып,
Бәрі де жайына жүр ақылдының.**



Ақын өзі өмір сүріп отырған заманның тәртібіне наразы. Қазіргі кезде көпшіліктің ойлайтыны : «Қайткенде жеймін, қалай қылғанда әмірімді жүргіземін халықтың қамын ойлаушылар азайды, ұлықтың көмейіне қақалғанша пара тығу, мұнымен ел оңбақ емес...» - деп ол ашық айтады.

Мәделіқожа Қоқан феодалдарының өктемдіктеріне тойтарыс беруге бар күш – қуатын жұмсап, олардың өз елін білектің күші, найзаның ұшымен қорғаған. Майлы ақынның айтуынша , Мәделіқожа көзсіз ер болған. Ол Түркістанды қорғап, сатылымпаздар опасыздығына қарсы шығып, ел іші тартыстарында да табандылық көрсеткен.

Қоқандарға наразылығын Мәделіқожа өзінің Мырзаби оқиғасына байланысты, іс – әрекеттерінде және сол биге арнапайтқан өлеңінде толық танытады. ХІХ ғасырдың орта шенінде Ташкент қаласына жақын қонған қазақ рулары Қоқанның зорлық-зомбылығына қарсы ашық күреске шығады. Олар Мәделіқожа, Мұсабек, Ырысқұлбек батырлардың бастауымен Мырзаби бастаған хан зекетшілерін қырып салады.

*** Мәделіқожа – мысал өлеңдер жазған. Мұны ақынның «Шәріпке айтқаны» деген ұзақ өлеңінен байқауға болады. Жалпы идеясы: Әркім өзінің кім екенін көп ұзамай өзі «Байлаулы баспақ бұқа болмайды» дейді ақын.**

*** Қазақстан Ғылым академиясы қорында Мәделіқожаның «Шәріпке айтқаны» деген 200 жолдан астам толғауы бар.**

«Арыстан Ташкент жаққа Шәріп барған» деген толғауы 1924 жылы «Жас қайраттың » 5 – санында түгел жарияланған.